



Білім беру саласындағы ұйымдарда жұмысқа орналасу тәртібі туралы нормаларды түсіндіру

Педагогтерді мемлекеттік білім беру ұйымдарына қабылдау мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларымен регламенттелген (ҚР Білім Министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығы). Мемлекеттік білім беру ұйымына педагог лауазымына орналасу үшін конкурстық рәсімнен өту қажет.

Бос лауазымдарға конкурс өткізу туралы хабарландыру <https://hr-nobd.edu.kz> сондай-ақ білім беру ұйымдарының әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында.